

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Республикалық ғылыми - педагогикалық кітапхана

Қытайдағы мектеп және балалар кітапханалары

Байдуанова Л.А.



Китай: гос. школы (public schools)

*Білім алу – жүзумен тең, жүзуіңді қойсаң,
ағыс кері әкетеді.*

Қытай нақылы

Қытайдың білім беру жүйесі

Ежелгі Қытайда алғашқы мектептің пайда болуы б.з.д. III ғасырға жатқызылып отыр. Алайда, (Шан) Инь дәуіріне (б.з.д.16-11 ғ.ғ.) жататын жазба деректерге сүйенсек, сол кездің өзінде орта мектептердің болғандығы айтылады. Ондай білім ордаларында тек дәулетті адамдардың балалары оқи алатын болған.

Қазіргі уақытта Қытайдың білім жүйесін мектепке дейінгі дайындық, бастауыш мектеп, толымсыз орта білім, толымды орта білім, университет, аспирантура құрайды. Қытай Халық Республикасы 1949 жылға дейін болашақ шенеуніктерді ғана дайындаған. Ал өзге салалар мүлдем қамтылмаған екен. Бүгінгі таңда жаппай сауатсыздық толығымен жойылған.



Мектепке дейінгі дайындыққа жекеменшік және мемлекеттік балабақшалар кіреді. Балалар балабақшаға 3-6 жас аралығында барады. Аталған мекеме мектеп бағдарламасын жылдам игеруге дайындайды.

Бастауыш мектеп



Балаларды бастауыш мектепке 6 жастан бастап қабылдайды. Осы жерде 6 жыл білім алады.

Қоғам мен табиғат туралы пәндер көбірек оқытылады. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, әрбір оқушының бойындағы патриоттық сезімді оятуға көп көңіл бөлінеді. Ана тілі, математика, адамгершілік пен этика, музыка, шет тілі сынды пәндерге баса назар аударылады. 3 сыныптан бастап ағылшын тілі жиілей бастайды.



4 сынып оқушылары жылына 2 апта фермаларға, шеберханаларға барып жұмыс істейді. Барған жерлерінің тыныс-тіршілігімен танысады. Мұнымен қатар, әрбір оқушы аптасына бір күн қоғам өміріне қатысты мерекелік кештерге, мәдени шараларға қатысу міндеттеледі.

Орта мектеп



Ол екі сатыдан тұрады.

*Алғашқысы – толымсыз орта білім,
кейінгісі – толық орта білім.*

Оқушылар бұл мектепке 12-13 жастан бастап қабылдана бастайды. ҚХР заңына сәйкес әрбір республика азаматы 9 жылдық білім алуы керек.

Толық орта білім мектебі оқушыларды 15-16 жастан бастап қабылдайды.

Оқушы өзі таңдаған оқу курсына байланысты 2 немесе 4 жыл оқиды.

Әдетте жалпы курс **академиялық және кәсіби техникалық бағыттар** деп екі үлкен салаға бөлінеді.



Академиялық бағыт – нәтижесінде ЖОО-ға түсуге мүмкіндік беретін, орта стандартты мектеп.

Ал кәсіби техникалық бағыт іштей бірнеше түрге бөлінеді:

- арнайы техникалық,
- техникалық,
- кәсіби немесе ауыл шаруашылығы мектептері.

Оқушылар арнайы техникалық мектепте 4 жылға дейін білім алады.

Бағдарлама ауыл шаруашылығы, медицина, экономика, құқықтану салаларына қатысты мамандарды дайындауға бағытталған.



Техникалық мектептер құрыш құю, киім тоқу және отын өндірісіне қажет мамандарды дайындайды.

**Ал кәсіби, ауыл шаруашылығы
мектептерінде 3 жыл оқытады.**

**Осы оқу орнын тәмамдаған соң оқушылар
жұмысқа тұру құқығына ие болады.**

**Қытай білім басқармасының мақсаты -
жұмысқа икемді, ЖОО түсе алатын азамат
дайындау.**

**Қытай орта мектептерінің бағдарламасы
ақыл-ой мен дене еңбегіне арналған.**

Қытайда мектеп оқушыларын үнемі адамгершілікке, әлеуметтендірілуге және ғылыми жұмыс әдістеріне баулуға тырысады және көп көңіл бөледі.

Негізінен ана тілі, әдебиет, математика, тарих, физика, химия, биология, география, шет тілі, саясаттану, физиология, дене шынықтыру, музыка және сурет өнері сынды пәндерді оқытады.

Екі семестрден құралған оқу жылы қыркүйек айынан басталып, 9,5 айға дейін жалғасады.

Күнделікті сабақ таңертеңнен түске дейін аптасына 5 рет болады.

Орта мектептің академиялық бағытына сәйкес оқушылар түрлі емтихан тапсырады.

Соның бірі – қорытынды емтихан.

Талапкер мектеп аттестатын алу үшін қытай тілі, математика, география, информатика және биология пәндерінен емтихан тапсыруға міндетті.

ҰБТ барлық мектепте бір уақытта мамыр айында өтеді.

Тест қорытындысы 100 балдық шкалаға сәйкес анықталады.



Алдымен оқушылар тегін 9 жылдық білім алып,
артынша ЖОО-ға түсу мүмкіндігіне ие болады.

Жоғарғы білім



Қытай жоғарғы біліміне колледж, кәсіби жоғарғы мектептер, университет кіреді.

Аталған оқу орындарында әлемдік деңгейдегі стандарттарға сай келетін кадрлар дайындайды.

Экономиканы дамыту үшін саясат, экономика, құқықтану, қаржы, көлік құрастыру, сәулет, электроника, компьютерлік технологиялар, жеңіл және азық-түлік өндірісі сынды мамандықтарды да қамтыған.



Қытай ЖОО-дары политехникалық және техникалық болып екіге бөлінеді.

Гуманитарлық факультеттерінде тіл, әдебиет, тарих, құқықтану, философия, экономика салаларына қажетті мамандарды даярлайды.

Ал табиғаттану факультеттерінде математика, физика, география, геология, химия, радиоэлектроника мамандықтары оқытылады.

Қытайда білім жоғары бағаланады.

Білім ұлттық құндылықтар мен мүдде арасында алдыңғы қатарға шығады.

Арнайы техникалық мектептер мен академиялық бағыттағы мектептердің жоғарғы білімге ие болу мүмкіндіктері өзгелеріне қарағанда көбірек.

Талапкер емтиханды қай ЖОО-ға барып тапсыратынын мектептегі қорытынды емтиханнан жинаған балына байланысты таңдайды.

Ал ЖОО-на тапсыру үшін 7 пән бойынша емтихан тапсыруы керек.

ЖОО-да бір орынға 100 үміткер болатындықтан, екінің бірі ЖОО грантын иелене алмайды.

Көп жағдайда талапкерлер ақылы бөлімге тапсырады. Ал кейде талапкер оқуын жұмыс орны төлейді. Талапты оқушылар мемлекет тарапынан шәкіртақы, жәрдемақы алып отырады.

Әдетте шағын кәсіптік ЖОО-да 2-3 жыл оқиды.

Аталған оқу орнын бітірген студенттер жұмыс істеу үшін өнеркәсіп саласына барады.

Төрт жылдық бакалавр бағдарламасы бар колледждер техникалық және орта мектептердің оқушыларын қабылдайды.

Бакалавр деңгейін тәмамдаған соң диплом алады. Университетте бакалавр деңгейін 4-5 жылда алады.

Аспиранттарды дайындау екі категорияға жіктеледі. Аспирантураға тапсырушылардың жасы 40-тан аспауы керек.

Қытайдағы мектеп және балалар кітапханаларының жайы



Балалардың білім алуына қажетті мектеп кітапханасы оқыту процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Ағарту және білім сапасын арттыру саласында орасан зор жұмыс атқаратын мектеп кітапханаларының жұмысын жете бағаламауға болмайды.

Кітапханалар оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге, мінез-құлқын мемлекетте жалпы қабылданған идеологияға сәйкес тәрбиелеуге жәрдемдеседі.

Қытайдың Білім беру және ағарту жөніндегі Мемлекеттік комитеті Бейжіңде мектеп кітапханаларының жұмысы жөніндегі тұңғыш Бүкілқытайлық кітапхана кеңесін өткізді.

Қатысушылар *Бастауыш және орта мектептер кітапханалары туралы Ереженің* жобасын талқылып, оған түзетулер енгізіп, жариялады.

Құжаттың негізінде мынадай қағидалар қойылды:

- мектеп кітапханасы – бұл ақпарат орталығы, балаларға білім беру мен тәрбиелеуге арналған көмекші орган;
- кітапхана мемлекеттің білім беру бағытын іске асырады, оқушыларға білім беру және тәрбиелеу, оларды мәдениетке және ғылымға тарту мақсатында кітаптарды, газет-журналдарды пайдалануды ұйымдастырады;
- кітапхана оқушылардың мектептен тыс оқуына басшылық жасайды.

Бұл кеңесті оқу орнының маңызды құрамдас бөлігі және мұғалімдермен, зертханалармен қатар мектептерге қажетті үш басты фактордың бірі ретінде мектеп кітапханаларының дамуындағы орасан зор оқиға деп айтуға болады.

Мектеп кітапханаларының қызметі заңнамалық құжатпен қамтамасыз етілді.

Бұл кез келген оқу орнының маңызды құрамдас бөлігіне айналған мектеп кітапханаларының дамуы тарихындағы үлкен оқиға болды.

Қытай Мәдениет министрлігінің деректеріне қарағанда 2000 жылдары елде 80 дербес провинциялық немесе қалалық балалар кітапханасы, көпшілік кітапханалардың жанындағы балаларға арналған 2 мыңнан астам оқу залдары жұмыс істеген.

Ағарту министрлігінің статистикасына қарағанда Қытайда 100 мыңнан астам мектеп кітапханасы бар екен. Одан бөлек, ұйымдар мен ағарту органдары жанында балаларға арналған 500-ге жуық үйлер жұмыс істейді, олардың көпшілігі оқу залдарын ашқан.



№2 Бейжің тәжірибелік бастауыш мектебінің
кітапханасы



№4 Бейжің орта мектебі кітапханасының оқу залы



№2 Бейжің мектебі кітапханасының
электрондық залы

Қытайдағы балалар кітапханасы ісінің дамуын көрсететін арнайы журналдар бар.

Олар:

- *«Балалар кітапханалары және орта , бастауыш мектептерінің кітапханалары»,*
- *«Жасөспірімдер және балалар кітапханалары»,*
- *«Жасөспірімдер және балалар кітапханаларының жұмысы»,*
- *«Мектеп кітапханалары туралы ақпарат» және т.б.*

Одан бөлек, ірі қалаларда мәселен,

- *«Орта мектептердің кітапханалары туралы мақалалар жинағы»*,

- *«Бастауыш мектептердің жұмысы туралы мақалалар жинағы»* және т.с.с. ішкі ғылыми баспасөз басылып отырады.

Бұл басылымдардың барлығы теориялық зерттеулер үшін қажетті қайнар көзге айналды, балалар және мектеп кітапханаларының жұмыс істеу тәжірибесімен алмасу мүмкіндігін ашты.

Олардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі оқу құралдары пайда болды. Соңғы жылдары

- *«Балалар және мектеп кітапханалары кітапханашыларының біліктілігін арттыру курсы»*,

- *«Кітапханатануға кіріспе»*,


- *«Мектеп кітапханаларының нұсқаулығы»*

секілді балалар және мектеп кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі оқу құралдары мен оқулықтар пайда болды.

Қытайдың балалар кітапханаларында оқырмандарға қызмет көрсету басым бағыт болып табылады.

Олар балаларды ерте жастан тәрбиелеумен белсенді шұғылданады.

Көптеген балалар кітапханалары сәбилердің ойлау қабілеттерін дамыту жұмысын жүргізеді, ата-аналарға баланы оқу дағдыларына үйретуге көмектеседі.



Кішкентай оқырмандардың зердесін дамыта отырып, балабақшалардың балаларына картиналар көруге, ертегілер тыңдауға, электрондық ойыншықтармен ойнауға және т.т. жәрдемдеседі.

Балалар кітапханаларында қызмет көрсету жас ерекшеліктері бойынша құрылады.

Көптеген кітапханаларда

- **түрлі жастағылардың оқу залдары,**
- **жас бойынша абонементтер,**
- **мамандандырылған залдар**
(мәселен, өнер немесе жаратылыстану ғылымдары бойынша),
- **басылымдар түрлері жөніндегі залдар**
(мәселен, кітаптар, мерзімді баспасөз)
құрылады.

Мұның барлығы түрлі жастағы балалардың физикалық, психологиялық даму заңдарын, олардың ерекшеліктерін, мүдделерін жақсырақ ескеру үшін қажет.

Балалар кітапханалары кітапханалар жетпегендіктен жылжымалы қызмет көрсетуді ұйымдастырады.

Кітапханашылар шалғайдағы аудандарға, балалар үйлеріне, балаларға арналған орталықтарға кітаптар, мерзімді басылымдар, аудиовизуалдық материалдар жеткізіп береді. Қытайдың балалар және мектеп кітапханалары балалардың оқуына жәрдемдесіп, кітаптарды таңдауға бере отырып, олардың оқуына басшылық жасайды.

Балалар және мектеп кітапханаларының қорларын ұйымдастыруда ашық пайдалану тәсілі кеңінен қолданылады.

Олар өз жұмысын үйлесіммен және ынтымақтастықпен жүргізуге тырысады.

Оқуға тартуға және білімге қызығушылықты дамытуға септігін тигізе отырып, олар жалпыға ортақ қоғамдық мойындауға ие болды.

Кейбір мектеп кітапханалары өзін-өзі басқару қағидасы бойынша әрекет етеді, яғни директорлар немесе кітапханашылар ретінде мұнда балалар танылады.

Шағын мектеп кітапханалары немесе кітап бұрыштары секілді кітапхана қызметін көрсету түрі де болады, оларда кітап қоры мен кітаптар беру үшін жауапкершілік оқырмандардың өздеріне жүктеледі.

Осылайша, балалар мектеп қабарғасынан кітапханашы кәсібін игеріп шығады.

Ал ересектердің міндеті – өздерінің ерікті жәрдемшілеріне кітапқа деген сүйіспеншілікті сіңіру, кәсіби дағдыларға үйрету болып табылады.

Мектеп кітапханалары тек оқушылармен ғана жұмыс істеп қоймайды, олар оқытушыларға қызмет көрсетуге көп көңіл бөледі. Жақсы жарақтандырылған мектептерде әдетте оқу залы және оқытушыларға арналған ақпарат залы бар, мұнда мектеп пәндері бойынша анықтама әдебиеті сақталады.

Мектеп кітапханашылары оқытушыларды қажетті заманауи ақпаратпен қамтамасыз етеді, жаңа түсімдер тізімдерін дайындайды, шолулар өткізіп, түрлі анықтама материалдарын ұсынады.

Осындай сан түрлі қызмет түптеп келгенде оқыту сапасына ықпалын тигізеді.

Қорды жинақтау мен оқырмандарға қызмет көрсетуден бөлек мектеп кітапханасы ағарту органдарымен байланыс үшін, сондай-ақ басқа кітапханалармен ақпарат алмасу үшін жауап береді.

Соңғы жылдары балалар және мектеп кітапханаларын автоматтандырудың жылдам дамығанын байқауға болады. Компьютерлері бар көптеген балалар кітапханаларында кітапханаларды автоматты басқару іске асырылады.

Кейбір балалар кітапханаларында мультимедиясы бар оқу залдары бар, балаларды компьютерде жұмыс істеуге баулу жүргізіледі. Үлкен қалаларда кітапхана жүйелері Интернет арқылы қызмет көрсету ұсынылады. Мектеп кітапханаларында сондай-ақ заманауи техникалар да бар. Балалар және мектеп кітапханаларының дамуымен кітапханашылардан аса жоғары білім, біліктілік деңгейі, заманауи техниканы пайдалану қабілеті талап етіледі.

Ағарту және мәдениет министрліктері
Қытайдың Шығыс педагогикалық
университеті мен Бейжің педагогикалық
университетіне мектеп және балалар
кітапханалары кітапханашыларының
біліктілігін арттыру курстарын
ұйымдастыруды тапсырды.
Кейбір провинцияларда қысқа мерзімді
курстар жүргізіледі.
Кейбір кітапханашылар университеттер
жанындағы сыртқы курстарды бітірген.

Одан бөлек, қытай ЖОО-дары күндізгі әуесқойлар университеттерінде **білікті кітапханашыларды даярлау сабақтарын жүргізеді.**


Көптеген жоғары оқу орындары өз қабырғаларында **балалар және мектеп кітапханашыларын** даярлайды.

Нәтижесінде кітапханашылардың жұмыс деңгейін мықтап артқан.

Балалар және мектеп кітапханалары санының өсуімен олардың жағдайын жақсарту және ғылыми басқару басым бағыт болып отыр.

Мәдениет министрлігі балалар кітапханаларының қызметін бағалау нормасын әзірлеп тексеріс жүргізді, оның қорытындысы бойынша кітапханалардың дамуының жалпы деңгейі күрт артқан.

Цзянцзу қаласындағы кітапхананың балалар бөлімшесі



Жаңа оқырмандарды тіркеу залы



Балалар залы деген көрсеткіш



Балалардың кітап сөрелері



Электрондық кітаптар сөрелері



Жас оқырмандарға ата-аналары кітап оқып бере алады



Кітаппен жеке қалғанда



Кітапхана толық автоматтандырылған



Кітапхана компьютерлермен жабдықталған



Қытай кітапханашылары

Қытайдағы Юньнань провинциясындағы балаларға арналған ерекше кітапхана



Ол Pınch көпшілік кітапханасы және қоғамдық орталығы. Мұнда кітапхананың өзі жапсырлас салынған құрылыс болып табылады.

Кітапхананың басты құндылығы – кітапхана ғимаратында пайда болған ағаш тұғыр, яғни, балалар сырғанайтын төбешік. Төбешік өте үлкен, ағаштан салынған, сондай-ақ кейбір жерінде пластикалық құрылыс материалдар пайдаланылған. Оған көптеген жергілікті балалар келіп, сырғанап ойнай алады.





Кітапхана төбесіне жүзбелі кітап шкафтары іліген. Онда жергілікті тұрғындардың тегін оқуына арналған құжаттар бар.



Орындық ретінде қарапайым мектеп орындықтары қойылған.

Бүгінде қытай үкіметі кітапхана ісін дамытуды, кітапханаларды басқаруды күшейтуді, кітапханалардың жұмысында тиімді әдістер мен технологияларды пайдалануға назар аударуды, яғни кітапханаларға деген көзқарасты түбірімен өзгертуді қажет деп есептейді.

Бұл оларға білім беруде және қоғамның мәдени дамуында лайықты орнын табуға мүмкіндік береді.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Юанмин Ч. Современное состояние школьных библиотек в Китае / Ч. Юанмин // Школьная библиотека.- 2001.- Сентябрь.- 24-27 с.
2. Пиотровская Р. Китайская грамота / Р. Пиотровская // Новое поколение. – 2017. – 10 февраль.

Интернет торабынан алынған ақпараттар:

1. Әр түрлі халықтардағы мектептің шығу тарихы
2. Қытайдың білім беру жүйесі қандай?
3. Қытайдың білім беру жүйесі қандай? #2
4. Библиотеки за рубежом: Юго-Восточная Азия
5. В библиотеке Китайской народной республике
6. В Китае появилась библиотека с горкой для детей
7. Крыша публичной библиотеки Pinch в Китае стала игровой площадкой для детей
8. Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәліметтер